

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 183 – 188

M.A. Tolegenova¹, S.Sh.Madiev²¹Master student of the Linguistics Institution named after A. Baitursynuly
Almaty, Republic of Kazakhstan;²Candidate of Philological Sciences
meruert.17@mail.ru, sansyzbay.madiev@mail.ru

LANGUAGE MANIPULATION IN PRE-ELECTION DISCOURSE

Abstract. The article observes genres of political discourse, based on linguistics researches. Main genres are program documents, politician's public speech, pre-election agitation, political memoiristics, which form hyper-genres. Genre specificity is determined by peculiarities of language means. On the basis of concrete example there are presented language peculiarities and manipulation means of pre-election discourse as one of the types of political discourse. Language content is one of the main components of political discourse. Extralinguistic factors have impact in pragmatic function of language means. Analysis of pre-election programs of political discourse shows a great number of words used for ideological purposes. Observing political programs in pragmalinguistic aspect, it is vital to consider social (age, profession, political position, etc.), ethnic and gender features of audience.

Key words: political discourse, genre, pre-election discourse, pre-election program, language manipulation.

ӘОЖ: 81`42

М.Ә. Төлегенова¹, С.Ш. Мадиев²¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., Қазақстан

САЙЛАУАЛДЫ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ТІЛДІК МАНИПУЛЯЦИЯ

Аннотация. Мақалада саяси дискурстың жанрлық түрлері ғалым-зерттеушілердің тарапынан жасалған жіктемелері арқылы ажыратылып көрсетілген. Негізгі жанрлары ретінде бағдарламалық құжаттар, саясаткердің сөзі, сайлауалды үгіт-насихат, саяси мемуаристика гипержанрларын атауға болады. Жанрлардың өзгешелігі тілдік тәсілдерді

қолданылуына қарай ерекшеленеді. Саяси дискурстың бір түрі ретіндегі сайлауалды дискурсының тілдік ерекшеліктері, манипулятивтік тілдік құралдардың қолданысы нақты мысалдардың негізінде айқындалған. Саяси дискурстың басты негізі – тілдік құралдардың қолданылуы. Тілдік құралдардың прагматикалық функциясының жүзеге асуы түрлі экстралингвистикалық факторларға байланысты екендігін көруге болады. Саяси дискурстағы сайлауалды бағдарламалардың мәтіндерін талдау барысында идеологиялық мақсатта қолданылатын сөздердің көп екендігі байқалады. Саяси бағдарламаларды прагматикалық тұрғыдан қарастырғанда мәтіннің адресатқа бағытталу дәрежесі, яғни бағдарламаның бағытталған аудиториясының әлеуметтік (жасы, мамандығы, саяси ұстанымы т.б.), этникалық және гендерлік ерекшеліктері үнемі ескеріліп отырылуы тиіс.

Тірек сөздер: саяси дискурс, жанр, сайлауалды дискурс, сайлауалды бағдарлама, тілдік манипуляция.

Саяси дискурстың жанрлық түрлерін зерттеген ғалым Б.С. Каримова саяси мәнді мәтіндерді төрт топқа бөліп көрсетеді [1, 39]: бағдарламалық құжаттар, саясаткердің сөзі, сайлауалды үгіт-насихат, саяси мемуаристика гипержанрлары.

Ж.В. Зигман саяси дискурстың жанрларын иерархиялық түрде жіктейді. Олар: бағдарламалық құжаттар гипержанры (бағдарлама, манифест, жарғы); сайлауалды үгіт-насихат гипержанры (сайлауалды тұғырнама, саяси жарнама); саяси пікірталас гипержанры [1, 38]. Ғылыми айналымға «бірігу-бағыттаушылық-ағоналдық» триадасын енгізген Е.И. Шейгал саяси дискурстың мынадай түрлерін ажыратып көрсетеді:

- 1) ритуалды жанрлар (инаугурациялық сөз, радио және интернет арқылы хабар тарату);
- 2) бағыттаушы (ориентациялық) жанрлар (партиялық бағдарламалар, конституция, президент жолдауы, баяндама, қаулы);
- 3) агоналды жанр (ұран (лозунг), жарнама мәтіні, сайлауалды пікірталас) [2].

«Политический дискурс функционально пронизан триадой «ориентация – интеграция – атональность». Как было отмечено, ориентация в политическом дискурсе означает определение «своих и чужих», интеграция – объединение своих под общими интересами и взглядами, атональность – отражение антагонистических устремлений, проявляющихся в политической борьбе с «чужими» за «своих» [3, 55].

О.Н. Григорьева саяси дискурстың жанрларын публицистикалық стиль түрлеріне жатқызады. «Публицистический стиль – речевая деятельность в области политики во всем многообразии ее значений. Он представлен во множестве жанров: 1) газетные жанры – очерк, репортаж, статья, фельетон; 2) телевизионные жанры – аналитическая программа, информационное сообщение, интервью, диалог в прямом эфире; 3) ораторские жанры – выступление на митинге, публичные выступления политиков, лозунги, тосты, дебаты; 4) коммуникативные жанры – пресс-конференция, саммит, встреча «без галстука»; 5) рекламные жанры – рекламный очерк, рекламное объявление» [4, 105].

Публицистикалық стильдің өз ішінде шағын жанрлық түрлері жайында қазіргі тілтаным ғылымында әрқилы пікірлер айтылып, түрліше пайымдаулар жасалуда. Бірқатар зерттеушілер негізінен публицистиканың жанрлық түрлерімен (газет тілі, радио тілі, теледидар тілі, кино тілі, т.б.) байланыстырып, оларды стильдік түрлері деп есептейді: үгіттік публицистикалық шағын стиль; саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль; саяси-бұқаралық публицистикалық шағын стиль.

Жоғарыда аталған саяси дискурс жанрларының ішіндегі сайлауалды бағдарламалар, партия бағдарламалары мәтіндеріне талдау жүргізу саяси дискурстың жанрлық ерекшеліктерін айқындай түседі.

Саяси партия – бұл азаматтарды саяси көзқарастары мен мүдделерінің ортақтығы негізінде біріктіретін ұйым. Ол көзқарастар мен мүдделер партияның бағдарламасында көрініс табады және мемлекет қызметінің басым бағыттарын айқындайды. Саяси партияның маңызды белгілерінің бірі оның барлық әрекеттері мен бастамаларын айқындайтын негізгі құжат – партия бағдарламасы болып табылады. Бағдарламада әдетте, партияның негізгі стратегиялық мақсаттары және оған жету тәсілдері көрініс табады: партияның күрес тактикасы, одақтастармен қатынас, маңызды болып табылатын саяси, экономикалық, әлеуметтік, халықаралық бағыттар және партия мемлекеттік билік басына келген жағдайдағы жасалынатын нақты жағдайлар көрсетіледі. Қысқаша айтқанда, бағдарлама партияның негізі болып табылады.

Саяси бағдарламаларды прагматингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда мәтіннің адресатқа бағытталу дәрежесі, яғни бағдарламаның бағытталған аудиториясының әлеуметтік ерекшеліктерін (жасы, жынысы, мамандығы, кәсібі, саяси ұстанымы т.б.), этникалық және гендерлік ерекшеліктерін ескеруі үнемі зерттеуші назарында болуы тиіс.

Саяси дискурстағы сайлауалды бағдарламалардың мәтіндерін талдау барысында идеологиялық мақсатта қолданылатын сөздер көп екені байқалады. Осыған орай Ф.З. Жақсыбаеваның [5, 60] идеологиялық мақсатта қолданылатын саяси мәнді лексикаларды топтастыру бойынша бағдарламадағы идеологиялық мақсатта қолданылатын саяси мәнді лексиканы келесідей топтарға бөліп көрсетуге болады:

- 1) қоғамдық-саяси термин сөздер;
- 2) идеологиялық мақсаттағы саяси мәнді лексика;
- 3) идеологиялық реңк үстемеленген тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер;

Енді жоғарыдағы тізім бойынша әрқайсысын жеке-жеке талдап, мысалдармен дәйектейік.

1. Қоғамдық-саяси термин сөздер саяси дискурста көрініс табатын барлық мәтіндерге негіз болып, барлығында көрініс табады. Сайлауалды бағдарламалардағы термин сөздерге: саясат, билік, партия, партия мүшесі, сайлау, стратегия, президент, үкімет, парламент, сенат, мәжіліс, маслихат, елбасы, көшбасшы, реформа, тіл, конституция, оппозиция, демократия, мемлекет және т.б. сөздер жатады.

2. Идеологиялық мақсаттағы саяси мәнді лексикаға: тәуелсіздік, патриоттық, әділеттік, тұрақтылық, бірлік, Мәңгілік ел, ұлттық идея, ұлттық тұтастық, тұрақты саясат, Нұрлы жол, ұлттық рух, ұлтжандылық, жалпыұлттық идея, жалпыұлттық мүдде, жарқын болашақ, ұрпақ болашағы, жаңғыру жолы, тіл саясаты, мемлекеттілік, отансүйгіштік, тұрақты даму және т.б. сөздер жатады.

«Мәңгілік Ел», «Нұрлы Жол», «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары идеялары саяси дискурста идеологиялық мағыналық реңк үстемелеген саяси мәнді лексика ретінде жиі жұмсалатынын байқауға болады.

Соңғы жылдары Қазақстандық саясатта Мәңгілік Ел, Нұрлы Жол идеялары тәуелсіздік ұғымдарымен тең дәрежеде қолданып жүргенін байқаймыз. Оның төңірегінде айтылып жатқан әңгімелер мен мадақтаулар да көп. Дискурста «Мәңгілік Ел»идеясы метафоралық сипатқа да ие болып отыр [6, 71]. «Нұр Отан» партиясының 2016 жылғы сайлауалды бағдарламасы осыны айқындайды:

«Мәңгілік Ел»–олбіздің жалпы қазақстандық үйіміздің ұлттық идеясы, біздің ата бабаларымыздың арманы. Егемен даму жылдарында барлық қазақстандықтарды біріктіретін және еліміздің болашағының іргетасын құрайтын басты құндылықтар жасалды. Олар қиялдағы теориялардан алынған жоқ. Ол құндылықтар – уақыт сынағына төтеп берген қазақстандық жолдың тәжірибесі [7].

3. Идеологиялық реңк үстемеленген тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздердің стильдік бояуы жеке сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті мүмкіншіліктері анағұрлым мол. Осы қасиеттеріне орай олар белгілі бір баяндауға, не сөйлеген сөзге стильдік әр береді. Айтылайын деген ойдың экспрессиясын жоғарлатып, оған ерекше мән үстеп, мағынасын әсірелеп, көркемдеп отырып танымдық тұрғыдан жеткізеді. Осы арқылы үгіт-насихат көздеген мақсатына жетеді.

Тұрақты экономика, тұрақты саясат, тұрақты қоғам – бұләрдайым ұстанған бағытымыз және бұл бағыттан таймауға тиіспіз [7].

«Тілі бірдің – ділі бір» дейді халық даналығы. Діл деп жүректі айтамыз. Әркім жүрегінің қалауымен өмір сүреді, әсіресе демократияға бет бұрған біздің елде азаматтарды тілі мен дініне қарап алауашылық мүлде кездеспейтін құбылыс. Қалағанынша өмір сүруге құқылы. Ал мемлекетті және мемлекеттік тілді құрметтеу әркімнің парызы ретінде белгіленген; өйткені заң талаптарын орындау арқылы ынтымағымызды нығайтамыз, болашағымыздың мұнан да жақсара түсуіне қызмет етеміз.

Ресми билікпен қоян-қолтық жұмыс жасап жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері өз қанына бұра тартпай, еліміздегі этностардың кез келген мәселесін орайлы, жүйелі шешіп жатқандығы да жаңа елордадағы этносаралық үйлесімділік пен түсіністікке дәлел болса керек. Астана «бөлінгенді бөрі жейді» деген қанатты қағиданы басшылыққа алады.

Нақты лексика-семантикалық материалдары талдау арқылы идеологиялық мақсатта қолданылатын саяси мәнді лексиканың бағалауыштық, эмоцияналдық, экспрессивтік ерекшеліктері анықталды. Мұндай ерекшеліктер айтайын деген ойдың прагматикасын арттырып, адресант қалауынша идеологияландыру үдерісі жүретіні байқалды. Ал жалпы идеологиялық реңк үстемеленгенэмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексиканың тұрақты тіркестердегі, қанатты сөздердегі, мақал-мәтелдердегі қолданысыжағымды, жағымсыз не бейтарап түрде жұмсалтуы тікелей автордың бағалауына байланысты. Автор қалай бағаласа, адресатта солай қабылдайды, түсінеді [6, 76].

Сайлауалды бағдарламаларда, сонымен қатар, ауыспалы мағынада қолданылатын идеологиялық реңк үстемеленген саяси мәнді лексика қолданыстары да бар. Мәселен:

«Біз үшін жарқын болашағымыз маңызды!».

«Аманаттың салмағын, парыздың қасиетін, борыштың сұрауын ұрпақтың бойына дарыту, үрдісті үзбей, дәстүрді бұзбай жеткізу – аға буынның қасиетті міндеті».

«Мәңгілік ел»– ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық.

Мәңгілік елдің іргесін қаладық. ... Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел».

«Ата-бабалар аманатына адалдық – бүгінгі ұрпақтың міндеті, келешек ұрпаққа тағылым».

Морфологиялық деңгейде сайлауалды бағдарламаларда есімдіктердің қолданысыөте жиі кездесетінін көруге болады. Есімдіктердің ішіндегі «біз» есімдігі басқа есімдіктерден карағанда жиі қолданылады. «Біз» есімдігі айтайын деген ойға ұжымдық ой мензейді. Біз арқылы «мен»және «олар» деген ұғымды біріктіреді. «Біз» есімдігі арқылы дауыс берушілерді өздеріне жақындатады.

Жақ категориясын зерттеген ғалым О. Жұбаева «біз» есімдігіне қатысты мынадай пікір білдіреді: «А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы жіктеуіндегі негізгі ерекшеліктің бірі – анайы жіктеудің I жақ көпше түрі болмайтынын көрсетеді. Шын мәнінде, сен есімдігін көпше түрі сендер, ол есімдігінің көпше түрі олар болғанмен, мен есімдігінің көпше түрі мендер бола алмайды. Ал кейінгі оқулықтарда жазылып жүргендей, анайы жіктеудің I жағы біз-ге ауысатын болса, анайы-сыпайы жіктеу жүйесі тұтастай бұзылады. Ол, әсіресе, тәуелдік жалғауымен салыстырғанда, айқын аңғарылады. Мәселен, тәуелдеудің анайы түрі жекеше менің атам болса, көпшесі менің аталарым болады, соған сәйкес сыпайы түрі жекеше біздің апамыз болса, көпшесі біздің аталарымыз болады. Ендеше, анайы жіктеудің көпше түрі қазақ тілінің заңдылығы бойынша, біз, біздер түріне ауысып кете алмайды. Ауысқан жағдайда бүкіл жүйе бұзылады. Осыған байланысты А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлының «анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ» деген тұжырымымен толық келісуге болатын сияқты» [8, 19].

«Бұл орайда Н. Ильминскийдің қазақтардың сөйлеу мәдениеті туралы пікірі назар аударарлық. Зерттеуші былай дейді: «Относительно личных местоимений должен заметить, что сказать о себе мен, а другому сен было бы неприлично низшему в разговоре сы высшим или младшему с старшим. Скромность и вежливость требует сказать вместо того: сіз, біз. Таким образом, эти два слова должны назваться вежливым единственным числом» [8, 19].

Біз және сіз есімдіктердің қолданылуы: *«Біз осы ұсынған бағдарламаны жүзеге асыруға жауапкершілік аламыз. Бізсіздермен бірге Қазақстанды баршаға тең мүмкіндіктер еліне айналдырамыз! Біз біріге отырып, Сіздің арманыңызды жүзеге асырамыз!БізСіздің арманыңызға жетуге көмектесеміз. Біз Қазақстанда Сізге лайық жұмыс орындарын қалай ашу керек екенін білеміз. Біз баршаға лайықты, көпшілік қол жеткізер тұрғын үйді қалай салып, білім және денсаулық сақтау деңгейін қалай көтеру керек екенін білеміз. Біз жемқорлықпен күресу жолдарын да білеміз»*

Сіз өз арманыңызға лайықсыз!Сіз табысты кәсіпкер, не кез келген салада мықты маман, жоғары айлығы бар мұғалім, дәрігер, инженер, ғалым, депутат, әкім, министр болуға лайықсыз. Сіздің лайықты екеніңізге сене отырып, «Ақ жол» Сіздің арманыңызды жүзеге асыру жолында өз бағдарламасын ұсынып отыр. Бұл бағдарлама – Теңдік, Еңбек, Имандылық құндылықтарына негізделген. [9].

Біз Қазақстан Республикасының болашағы қымбат деп санайтын барлық адамды бізбен бірге болуға шақырамыз! Біз тәуелсіз, демократиялық, әділетті, тең құқылы және өркенді Қазақстанды қолдаймыз! Біз әрқашан аграрлық қызметкерлер мен ауыл еңбеккерлерінің, барлық қазақстандықтардың мүдделерін қолдап келдік және қолдаймыз да. Біздің негізгі мақсатымыз–барлық қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі жоғары, тәуелсіз, мықты және өсіп-өркендеген Қазақстанды құру. Біздің іргелі құндылықтарымыз – бұл тәуелсіздік, патриоттық, әділеттілік, тең құқықтық және ынтымақтастық [10].

Біз өз елімізде өмір сүріп, бақытты болуымызға, еңбек етуімізге, балаларымызды тәрбиелеуімізге, ата-аналарымызға көмектесуімізге, Отанымыздың игілігі үшін пайдалы іс атқаруымызға мүмкіндік беретін нәрселерді таңдаймыз. Біз қазіргі қарқынды дамып келе жатқан Қазақстанды таңдаймыз, өйткені мұнда әрбір адам өзінің іс-әрекеті үшін жауап береді, оқиды, жұмыс істейді және өзін-өзі жетілдіреді.

Біз қазақстандықтардың еркін әрі лайықты даму, меншігін қорғау, адам қауіпсіздігін, оның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін қамтамасыз ету құқығының болуына ұмтыламыз.

Біз қазақстандық қоғамның барлық әлеуметтік топтарынан шыққан, өзінің бағасын білетін және белсенді өмірлік ұстанымы бар, алуан түрлі кәсіп иелері мен әлеуметтік топтардан шыққан адамдарды біріктіреміз.

Біз Қазақстанды әлеуметтік бағдарлы экономика мен қазақстандықтардың өмір салтына сай келетін адамгершілік қағидаттарға негізделген табысты, әділ, рухани бай қоғам етуге ұмтыламыз [11].

Жалпы ғылымда «өзім / өзге» бинарлық оппозициялары әр қырынан зерттеліп келеді және зерттелу үстінде: журналистикада, фольклорда, әдебиеттануда, мәдениеттануда және т.б. Ал лингвистикада «өзім/өзге» оппозициясы түрлі әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасты сипаттаумен ерекшеленеді. Т.В. Алиева оны бағалауыштық сипаты мен құндылықтар негізінде қарастырады, А.О. Денисенко оларды тілдік санада әртүрлі деңгейлерде вербалдануына тоқталады, В.В. Красных мифтік тұрғыдан интерпретациялауға тырысады, С.В. Иванова оны лингвомәдениеттанудың категориясы ретінде қарастырып, аксиологиялық табиғатына мән береді, А.А. Матвеева «өзім / өзге» категорияларын прецеденттік феномендер тұрғысынан түсіндіреді. Ал қазақстандық ғалым Б. Ахатова «өзім/өзге» бинарлық оппозицияларын құндылықтар негізінде эксплицитті және имплицитті тұрғыдан қарастырады [6, 103].

Саяси дискурстың сайлауалды бағдарламаларында «өзім» маркерін білдіретін лексикалық бірліктер, соның ішінде вокативтер (қаратпа сөздер) кеңінен қолданылады. Олардың саяси дискурста өте жиі кездесетін адресанттың адресатты «өзінің» қатарына қосу құлшынысымен түсіндіріледі [6, 104]. Мысалы: Қымбатты отандастар! Ардақты ағайын! Ардақты азамат! Құрметті қазақстандықтар! Қымбатты достар!

«Өзім» вербалды маркеріне «біз» жіктеу есімдігінің «бірге, бірігу, біріктіру» лексемалары біздің, біздікі, барлығы мағынасындағы; «өзім» лексемасы «отандастар, жерлестер, қазақстандықтар, достар, қымбатты тұрғындар, қымбатты достар мағынасындағы лексемалар жатады.

Сайлауалды бағдарламаларда манипулятивтік тілдік құрал ретінде антонимдер мен синонимдер жиі қолданылады. Синонимдердің атқаратын негізгі стилистикалық қызметі – ерекшелеп айтылатын ойды нақтылауға көмектесу. Әдетте сөз-синонимдер мен стилистикалық бейтарап синонимдердің қайталанып келуі ойды неғұрлым толық дәл жеткізуге қызмет етеді.

Антонимдердің сөйлеудегі стилистикалық қолданысы сан түрлі. Қай тілде болсын бір-бірімен жұп құрайтын, өзара қарама-қарсы мағынада және қатынаста тұрып біртұтас ұғымды жеткізетін сөздердің мол лексикалық қоры бар. Бұл сөздердің шығу тегіне қарай табиғатында бойына біткен қарама-қарсы дүниетанымының екі жақ қырын бейнелейді.

Келесі мысалда пайдаланылған антонимдер мен синонимдер «Ақ жол» партиясының мәртебесін тек қана асқақтата түскен. Антонимдердің қолданысы адресаттың тек қана жақсы пікірін қалыптастырады. Сонымен қатар, реципиенттің эмоциясына әсер ету арқылы («Ақ жол» қиын тағдырды бастан өткізген партия), халықтық партия ретінде сипатталады. «Ақ жол» партиясының жетістіктерін ғана санап отып, оның кемшіліктері адресат назарынан тыс қалып отырады. Мысалы:

«Ақ жол» қиын тағдырды бастан өткізген партия, – деп мәлімдеді ҚДП төрағасы Азат Перуашев съезде сөйлеген сөзінде. – Біздің ол туралы тура айтуға батылымыз жетеді. Партия басшысы атап өткендей, «Ақ жол» *биікке шарықтауды және құлдырауды, жеңістерді және жеңілістерді, одақтасуды және жікке бөлінуді* бастап өткізді. Оның үстіне партияның өзі «тағдыры қарапайым емес және күрделі мінезді» адамдардан құралды, өйткені «біздің тағдырымыз қымтаулы *жылыжайларда емес, бүкіл халықпен бірге қиындықтар мен қам-қаракеттерде* сомдалды, – деп атап өтті партия төрағасы. Барлық *қиындықтар мен сынақтарға* қарамастан, партия ісі жаңа серпім алуда және ол жаңа мүмкіндіктердің кең өрісіне шыға бастады. «Біз бәріне төтеп бердік. Біз *шынықтық, қуатты әрі икемді күшке айналдық*. Өйткені, біз – өз еліміздің *азаматтарымыз және өз заманымыздың ұландарымыз*». «Біздің басты асуымыз және басты *жеңістеріміз* әлі алда», – деді ол өзінің қорытынды сөзінде (Е.Қ., 29 қараша 2011) [6, 106].

«Тұңғыш Президент – мемлекет көшбасшысы», «Елін сүйген – Елбасы», «Елбасы – кеменгер Көшбасшы», «Ұлт көшбасшысы», «Ерен Елбасы – Кемел Көшбасшы», «Ұлт көсемі» сияқты қолданыстар бар.

Сонымен, саяси дискурс белгілі бір көзқарасты, ой-пікірді, адресаттың белгілі бір әлемдік бейнесін қалыптастыруға бағытталған деп айта аламыз. Саяси дискурста саяси қайраткердің эксплицитті де, имплицитті де ниетін көрсететін және оқырманның не тыңдарманның санасына әсер етіп қана қоймай, оның сана-сезімін өз мақсатында қолданатын ерекше прагматикалық потенциал тән [12, 284].

Қорытындылай келе, саяси дискурстағы сайлауалды бағдарламаларының басты сипаты ретінде тілдік құралдардың қолданылуын айтуымызға болады. Тілдік құралдардың прагматикалық функциясының жүзеге асуы түрлі экстралингвистикалық факторларға байланысты болатындығын ескеруіміз керек. Демек, тілдік құралдардың саяси дискурста басты рөл атқаруы оның негізгі материалы сөздің басты сипаттарымен анықталады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Каримова Б.С. Жанровое пространство политического дискурса // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия филологическая. – №2 (92). – Алматы, 2006. – С. 37–41.
- [2] Шейгал Е.И. Власть как концепт и категория дискурса // http://www.gumer.info/bibliotek/Buks/Polit/Article/scheig_vlast.php.
- [3] Ахатова Б.А. Вербальная агрессия в политическом дискурсе Казахстана. Барманқұлов оқулары. «Ақпараттық қоғам жағдайындағы электронлы БАҚ: Ұлттық және жаһандық мәселелері, таяу болашағы» атты халықаралық дөңгелек үстел. – А.: Қазақ университеті, 2011. – 54-57 бб.
- [4] Григорьева О.Н. Стилистика русского языка. – М.: НВИ-ТЕЗАУРУС, 2000. – 164 с.
- [5] Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): фил.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 153 б.
- [6] Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): фил. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2015. – 187 б.
- [7] <http://nurotan.kz/election-program>.
- [8] Жұбаева О.С. Жақ катеориясының берілуіндегі кейбір ерекшеліктер. ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – № 3. – Алматы, 2003. – 17-21 бб.
- [9] <http://akzhol.kz/kz/listarticle/index/23/152>.
- [10] http://auyl.kz/pages/programma_ndpp_auyl.
- [11] <http://pp-birlik.kz/pages/programma-partii>.
- [12] Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстағы манипуляция // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – № 6 (152). – Алматы, 2014. – 281-285 бб.

REFERENCES

- [1] Karimova B.S. Zhanrovoye prostranstvo politicheskogo diskursa // Vestnik KazNUim. al-Farabi. Serija filologicheskaja. №2 (92). Almaty, 2006. S. 37-41.
- [2] Shejgal E.I. Vlast' kak konceptika tegorija diskursa // http://www.gumer.info/bibliotek/Buks/Polit/Article/scheig_vlast.php.
- [3] Ahatova B.A. Verbal'naja agressija v politicheskom diskurse Kazahstana. Barmanqulov oqulary. «Aqparattıq qogam zhardajyndary jelektronly BAK: Ұлттық және жаһандық мәселелері, таяу болашағы» атты халықаралық дөңгелек үстел. А.: Қазақ университеті, 2011. 54-57 bb.
- [4] Grigor'eva O.N. Stilistika russkogo jazyka. - M.: NVI-TEZAURUS, 2000. 164 s.
- [5] Zhaqsybaeva F.Z. Gazetmätinіn pragmatikalық funkciyasы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): fil. ғыл. канд. ... dis. Almaty, 2000. 153 b.
- [6] Kenzhekanova Q.K. Sajasi diskurstың pragmalıngvistikalық және kognitivtik komponentteri (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): fil. dok. (PhD) ... dis. Almaty, 2015. 187 b.
- [7] <http://nurotan.kz/election-program>.
- [8] Zhubaeva O.S. Zhaq kateorijasynың beriluindegі кейbir ereksheликter. ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 3. Almaty, 2003. 17-21 bb.
- [9] <http://akzhol.kz/kz/listarticle/index/23/152>.
- [10] http://auyl.kz/pages/programma_ndpp_auyl.
- [11] <http://pp-birlik.kz/pages/programma-partii>.
- [12] Kenzhekanova Q.K. Sajasi diskurstary manipulyaciya // QazYU habarshysy. Filologijaserijasy. – № 6 (152). – Almaty, 2014. 281-285 bb.

М.А. Толегенова¹, С.Ш. Мадиев²

¹Магистрант Института языкознания им. А.Байтурсынова, Алматы, Республика Казахстан;

²Кандидат филологических наук

ЯЗЫКОВАЯ МАНИПУЛЯЦИЯ В ПРЕДВЫБОРНОМ ДИСКУРСЕ

Аннотация. В статье рассматриваются жанры политического дискурса, основанные на исследованиях ученых-лингвистов. Основными жанрами являются программные документы, публичная речь политика, предвыборная агитация, политическая мемуаристика, которые образуют гипержанры. Жанровая специфика определяется особенностями языковых средств. На основе конкретных пример представлены языковые особенности и средства манипуляции предвыборного дискурса, как одного из видов политического дискурса. Языковой материал является одним из основных компонентов политического дискурса. Экстралингвистические факторы оказывают влияние на прагматическую функцию языковых средств. Анализ предвыборных программ политического дискурса показывает большое количество слов используемых в идеологических целях. Рассматривая политические программы в прагмалингвистическом аспекте, важно учесть социальные (возраст, профессия, политическая позиция и т.д.) этнические и гендерные особенности аудитории.

Ключевые слова: политический дискурс, жанр, предвыборный дискурс, предвыборная программа, языковая манипуляция.